**ISSN 2518-1467 (Online),**
**ISSN 1991-3494 (Print)**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ

# Х А Б А Р Ш Ы С Ы

# ВЕСТНИК
НАЦИОНАЛЬНОЙ АКАДЕМИИ НАУК
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

# THE BULLETIN
THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

PUBLISHED SINCE 1944

1 (395)

JANUARY-FEBRUARY 2022

ALMATY, NAS RK

Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясы «ҚР ҰҒА Хабаршысы» ғылыми журналының Web of Science-тің жаңаланған нұсқасы Emerging Sources Citation Index-те индекстелуге қабылданғанын хабарлайды. Бұл индекстелу барысында Clarivate Analytics компаниясы журналды одан әрі the Science Citation Index Expanded, the Social Sciences Citation Index және the Arts & Humanities Citation Index-ке қабылдау мәселесін қарастыруда. Web of Science зерттеушілер, авторлар, баспашылар мен мекемелерге контент тереңдігі мен сапасын ұсынады. ҚР ҰҒА Хабаршысының Emerging Sources Citation Index-ке енуі біздің қоғамдастық үшін ең өзекті және беделді мультидисциплинарлы контентке адалдығымызды білдіреді.

НАН РК сообщает, что научный журнал «Вестник НАН РК» был принят для индексирования в Emerging Sources CitationIndex, обновленной версии Web of Science. Содержание в этом индексировании находится в стадии рассмотрения компанией Clarivate Analytics для дальнейшего принятия журнала в the Science Citation Index Expanded, the Social Sciences Citation Index и the Arts & Humanities Citation Index. Web of Science предлагает качество и глубину контента для исследователей, авторов, издателей и учреждений. Включение Вестника НАН РК в Emerging Sources Citation Index демонстрирует нашу приверженность к наиболее актуальному и влиятельному мультидисциплинарному контенту для нашего сообщества.

NAS RK is pleased to announce that Bulletin of NAS RK scientific journal has been accepted for indexing in the Emerging Sources Citation Index, a new edition of Web of Science. Content in this index is under consideration by Clarivate Analytics to be accepted in the Science Citation Index Expanded, the Social Sciences Citation Index, and the Arts & Humanities Citation Index. The quality and depth of content Web of Science offers to researchers, authors, publishers, and institutions sets it apart from other research databases. The inclusion of Bulletin of NAS RK in the Emerging Sources Citation Index demonstrates our dedication to providing the most relevant and influential multidiscipline content to our community.

**Бас редактор:**

**ҚОЙГЕЛДИЕВ Мәмбет Құлжабайұлы** (бас редактор), тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі (Алматы, Қазақстан) Н = 3

**Редакция алқасы:**

**ОМАРОВ Бауыржан Жұмаханұлы** (бас редактордың орынбасары), филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі (Нұр-Сұлтан, Қазақстан) Н = 4

**МАТЫЖАНОВ Кенжехан Слямжанұлы,** филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корреспондент мүшесі (Алматы, Қазақстан) Н =1

**САПАРБАЕВ Әбдіжапар Жұманұлы,** экономика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА құрметті мүшесі, Халықаралық инновациялық технологиялар академиясының президенті (Алматы, Қазақстан) Н = 4

**ЙОВИЦА Раду Патетре,** Ph.D (археология), Нью-Йорк университетінің профессоры (Нью-Йорк, АҚШ) Н = 19

**БАНАС Йозеф,** әлеуметтану ғылымдарының докторы, Жешув технологиялық университетінің профессоры (Жешув, Польша) Н = 26

**ЛУКЬЯНЕНКО Ирина Григорьевна,** экономика ғылымдарының докторы, профессор, Украинаның еңбек сіңірген ғылым және техника қайраткері, «Киев-Мохила академиясы» ұлттық университетінің кафедра меңгерушісі (Киев, Украина) Н = 2

**МАКУЛОВА Айымжан Төлегенқызы,** экономика ғылымдарының докторы, профессор, Нархоз Университеті (Алматы, Қазақстан) Н = 3

**ИСМАҒҰЛОВ Оразақ Исмағұлұлы,** тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі (Нұр-Сұлтан, Қазақстан) Н = 6

**ӘБЖАНОВ Ханкелді Махмұтұлы,** тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі (Алматы, Қазақстан) Н = 4

**БИЖАНОВ Ахан Хұсайынұлы,** саясаттану ғылымдарының докторы, ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, Философия, саясаттану және дінтану институтының директоры (Алматы, Қазақстан) Н = 1

**ТАЙМАҒАМБЕТОВ Жакен Қожахметұлы,** тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі (Алматы, Қазақстан) Н = 4

**СҮЛЕЙМЕНОВ Майдан Күнтуарұлы,** заң ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі (Алматы, Қазақстан) Н = 1

**САБИКЕНОВ Салахиден Нұрсарыұлы,** заң ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі (Алматы, Қазақстан) Н = 2

**ҚОЖАМЖАРОВА Дариякул Пернешқызы,** тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі (Алматы, Қазақстан) Н = 2

**БАЙТАНАЕВ Бауыржан Әбішұлы,** тарих ғылымдарының докторы, ҚР ҰҒА академигі (Алматы, Қазақстан) Н = 1

**БАЗАРБАЕВА Зейнеп Мүслімқызы,** филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі (Алматы, Қазақстан) Н = 1

**ШАУКЕНОВА Зарема Каукенқызы,** әлеуметтану ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі (Алматы, Қазақстан) Н = 1

**ЖОЛДАСБЕКОВА Баян Өмірбекқызы,** филология ғылымдарының докторы, професор, ҚР ҰҒА корреспондент мүшесі (Алматы, Қазақстан) Н = 2

**НУРҚАТОВА Ляззат Төлегенқызы,** әлеуметтану ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корреспондент мүшесі (Алматы, Қазақстан) Н = 1

**ӘБІЛҚАСЫМОВА Алма Есімбекқызы,** педагогика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Ресей білім академиясының академигі (Мәскеу қ.), Педагогикалық білім беруді дамыту орталығының директоры (Алматы, Қазақстан) Н = 1

**ШИШОВ Сергей Евгеньевич,** педагогика ғылымдарының докторы, профессор, педагогика кафедрасының меңгерушісі, К.Г. Разумовский атындағы Мәскеу мемлекеттік технологиялар және басқару университетінің Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар және технологиялар факультетінің деканы (Мәскеу, Ресей) Н = 34

**ДЫБО Анна Владимировна,** филология ғылымдарының докторы, РҒА корреспондент-мүшесі, РҒА Тіл білімі институтының Орал-алтай тілдері бөлімінің меңгерушісі (Мәскеу, Ресей) Н = 3

**«Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының Хабаршысы».**
**ISSN 2518-1467 (Online),**
**ISSN 1991-3494 (Print).**
Меншіктенуші: «Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы» РҚБ (Алматы қ.).Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 12.02.2018 ж. берілген **№ 16895-Ж** мерзімдік басылым тіркеуіне қойылу туралы куәлік.
Тақырыптық бағыты: *әлеуметтік ғылымдар саласындағы зерттеулерге арналған.*
Мерзімділігі: жылына 6 рет.
Тиражы: 300 дана.
Редакцияның мекен-жайы: 050010, Алматы қ., Шевченко көш., 28, 219 бөл., тел.: 272-13-19
http://www.bulletin-science.kz/index.php/en/

© Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы, 2021

Типографияның мекен-жайы: «Аруна» ЖК, Алматы қ., Мұратбаев көш., 75.

**Главный редактор:**

**КОЙГЕЛЬДИЕВ Мамбет Кулжабаевич** (главный редактор), доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК (Алматы, Казахстан) Н = 3

**Редакционная коллегия:**

**ОМАРОВ Бауыржан Жумаханулы** (заместитель главного редактора), доктор филологических наук, профессор, академик НАН РК (Нур-Султан, Казахстан) Н = 4

**МАТЫЖАНОВ Кенжехан Слямжанович,** доктор филологических наук, профессор, член-корреспондент НАН РК (Алматы, Казахстан) Н = 1

**САПАРБАЕВ Абдижапар Джуманович,** доктор экономических наук, профессор, почетный член НАН РК, президент Международной академии инновационных технологий (Алматы, Казахстан) Н = 4

**ЙОВИЦА Раду Пэтрэ,** доктор философии (Ph.D, археология), профессор Нью-Йоркского университета (Нью-Йорк, США) Н = 19

**БАНАС Йозеф,** доктор социологических наук, профессор Жешувского технологического университета (Жешув, Польша) Н = 26

**ЛУКЬЯНЕНКО Ирина Григорьевна,** доктор экономических наук, профессор, заслуженный деятель науки и техники Украины, заведующая кафедрой Национального университета «Киево-Могилянская академия» (Киев, Украина) Н = 2

**МАКУЛОВА Айымжан Тулегеновна,** доктор экономических наук, профессор, Университет Нархоз (Алматы, Казахстан) Н = 3

**ИСМАГУЛОВ Оразак Исмагулович,** доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК (Нур-Султан, Казахстан) Н = 6

**АБЖАНОВ Ханкелди Махмутович,** доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК (Алматы, Казахстан) Н = 4

**БИЖАНОВ Ахан Хусаинович,** доктор политических наук, член-корреспондент НАН РК, директор Института философии, политологии и религии (Алматы, Казахстан) Н = 1

**ТАЙМАГАМБЕТОВ Жакен Кожахметович,** доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК (Алматы, Казахстан) Н = 4

**СУЛЕЙМЕНОВ Майдан Кунтуарович,** доктор юридических наук, профессор, академик НАН РК (Алматы, Казахстан) Н = 1

**САБИКЕНОВ Салахиден Нурсариевич,** доктор юридических наук, профессор, академик НАН РК (Алматы, Казахстан) Н = 2

**КОЖАМЖАРОВА Дариякуль Пернешевна,** доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК (Алматы, Казахстан) Н = 2

**БАЙТАНАЕВ Бауржан Абишевич,** доктор исторических наук, академик НАН РК (Алматы, Казахстан) Н = 1

**БАЗАРБАЕВА Зейнеп Муслимовна,** доктор филологических наук, профессор, член-корреспондент НАН РК (Алматы, Казахстан) Н = 1

**ШАУКЕНОВА Зарема Каукеновна,** доктор социологических наук, профессор, академик НАН РК (Алматы, Казахстан) Н = 1

**ЖОЛДАСБЕКОВА Баян Омирбековна,** доктор филологических наук, профессор, член-корреспондент НАН РК (Алматы, Казахстан) Н = 2

**НУРКАТОВА Ляззат Толегеновна,** доктор социологических наук, профессор, член-корреспондент НАН РК (Алматы, Казахстан) Н = 1

**АБЫЛКАСЫМОВА Алма Есимбековна,** доктор педагогических наук, профессор, академик НАН РК, академик Российской академии образования (г. Москва), директор Центра развития педагогического образования (Алматы, Казахстан) Н = 1

**ШИШОВ Сергей Евгеньевич,** доктор педагогических наук, профессор, заведующий кафедрой педагогики, декан факультета Социально-гуманитарных наук и технологий Московского государственного университета технологий и управления имени К.Г. Разумовского (Москва, Россия) Н = 34

**ДЫБО Анна Владимировна,** доктор филологических наук, член-корреспондент РАН, заведующий отделом урало-алтайских языков Института языкознания РАН (Москва, Россия) Н = 3

**«Вестник Национальной академии наук Республики Казахстан».**
**ISSN 2518-1467 (Online),**
**ISSN 1991-3494 (Print).**
Собственник: РОО «Национальная академия наук Республики Казахстан» (г. Алматы). Свидетельство о постановке на учет периодического печатного издания в Комитете информации Министерства информации и коммуникаций и Республики Казахстан **№ 16895-Ж,** выданное 12.02.2018 г.
Тематическая направленность: *посвящен исследованиям в области социальных наук.*
Периодичность: 6 раз в год.
Тираж: 300 экземпляров.
Адрес редакции: 050010, г. Алматы, ул. Шевченко, 28, ком. 219, тел. 272-13-19
http://www.bulletin-science.kz/index.php/en/

© Национальная академия наук Республики Казахстан, 2022

Адрес типографии: ИП «Аруна», г. Алматы, ул. Муратбаева, 75.

**Editor in chief:**

**KOIGELDIEV Mambet Kulzhabaevich** (Editor-in-Chief), Doctor of History, Professor, Academician of NAS RK (Almaty, Kazakhstan) H = 3

**Editorial board:**

**OMAROV Bauyrzhan Zhumakhanuly** (Deputy Editor-in-Chief), Doctor of Philology, Professor, Academician of NAS RK (Nur-Sultan, Kazakhstan) H = 4

**MATYZHANOV Kenzhekhan Slyamzhanovich,** Doctor of Philology, Professor, Corresponding Member of NAS RK (Almaty, Kazakhstan) H = 1

**SAPARBAYEV Abdizhapar Dzhumanovich,** Doctor of Economics, Professor, Honorary Member of NAS RK, President of the International Academy of Innovative Technology, (Almaty, Kazakhstan) H = 4

**JOVICA Radu Petre,** Ph.D, History, Archeology, Professor, New York University (New York, USA) H = 19

**BANAS Joseph,** Doctor of Social science, Professor, Rzeszow University of Technology (Rzeszow, Poland) H = 26

**LUKYANENKO Irina,** doctor of economics, professor, honored worker of Science and Technology of Ukraine, head of the department of the National University «Kyiv-Mohyla Academy» (Kiev, Ukraine) H = 2

**MAKULOVA Ayymzhan Tulegenovna,** doctor of economics, professor, Narkhoz University (Almaty, Kazakhstan) H = 3

**ISSMAGULOV Orazak Issmagulovich,** Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of NAS RK (Nur-Sultan, Kazakhstan) H = 6

**ABZHANOV Khankeldi Makhmutovich,** Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of NAS RK (Almaty, Kazakhstan) H = 4

**BIZHANOV Akhan Khusainovich,** Doctor of Political Sciences, Corresponding Member of NAS RK, Director of the Institute of Philosophy, Political Science and Religion (Almaty, Kazakhstan) H = 1

**TAIMAGAMBETOV Zhaken Kozhakhmetovich,** Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of NAS RK, (Almaty, Kazakhstan) H = 4

**SULEYMENOV Maidan Kuntuarovich,** Doctor of Law, Professor, Academician of NAS RK (Almaty, Kazakhstan) H = 1

**SABIKENOV Salakhiden Nursarievich,** Doctor of Law, Professor, Academician of NAS RK (Almaty, Kazakhstan) H = 2

**KOZHAMZHAROVA Dariyakul Perneshevna**, Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of NAS RK (Almaty, Kazakhstan) H = 2

**BAITANAEV Baurzhan Abishevich,** Doctor of Historical Sciences, Academician of NAS RK (Almaty, Kazakhstan) H = 1

**BAZARBAYEVA Zeinep Muslimovna,** Doctor of Philology, Professor, Academician of NAS RK (Almaty, Kazakhstan) H = 1

**SHAUKENOVA Zarema,** Doctor of Sociology, Professor, Academician of NAS RK (Almaty, Kazakhstan) H =1

**DZHOLDASBEKOVA Bayan Umirbekovna,** Doctor of Philology, Professor, Corresponding Member of NAS RK H = 2

**NURKATOVA Lyazzat Tolegenovna,** Doctor of Social Sciences, Professor, Corresponding Member of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan (Almaty, Kazakhstan) H = 1

**ABYLKASYMOVA Alma Yessimbekovna,** Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Academician of NAS RK, academician of the Russian Academy of Education (Moscow), Director of the Center for the Development of Pedagogical Education (Almaty, Kazakhstan) H = 1

**SHISHOV Sergey,** Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Head of the Department of Pedagogy, Dean of the Faculty of Social Sciences and Humanities and Technologies of the Razumovsky Moscow State University of Technologies and Management (Moscow, Russia) H = 34

**DYBO Anna Vladimirovna,** Doctor of Philology, Corresponding Member of the Russian Academy of Sciences, Head of the Department of Ural-Altaic Languages of the Institute of Linguistics of the Russian Academy of Sciences (Moscow, Russia) H = 3

**Bulletin of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan.**
**ISSN 2518-1467 (Online),**
**ISSN 1991-3494 (Print).**
Owner: RPA «National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan» (Almaty). The certificate of registration of a periodical printed publication in the Committee of information of the Ministry of Information and Communications of the Republic of Kazakhstan **No. 16895-Ж,** issued on 12.02.2018.
Thematic focus: *it is dedicated to research in the field of social sciences.*
Periodicity: 6 times a year.
Circulation: 300 copies.
Editorial address: 28, Shevchenko str., of. 220, Almaty, 050010, tel. 272-13-19
http://www.bulletin-science.kz/index.php/en/

---

© National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, 2022

Address of printing house: ST «Aruna», 75, Muratbayev str, Almaty.

BULLETIN OF NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
ISSN 1991-3494
Volume 1, Number 395 (2022), 179-186 https://doi.org/10.32014/2022.2518-1467.256

**Г.Н. Смағұлова, Б.Ү. Өтеген***

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы, Қазақстан.
E-mail: beket.otegen@mail.ru

## ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТЕРДЕ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІН ҚҰНДЫЛЫҚТАРҒА НЕГІЗДЕП ОҚЫТУ

**Аннотация.** Мақалада қазіргі білім беру жүйесінің ерекшеліктері, оқытудың құндылықтар мен дағдыларға негізделген парадигмасы талданады. Қазақ әдебиеті пәнін құндылықтарға негіздеп оқыту мәселесі қарастырылады. Жаңартылған білім беру бағдарламасындағы қазақ әдебиеті пәні бойынша берілген оқыту мақсаттары сараланып, оны жүзеге асырудың қадамдары ұсынылады. Көркем шығармадан үзінді ретінде берілген мәтіндерге, мәнмәтіндерге аксиологиялық талдау жасаудың үлгісі көрсетіледі.

Жалпы білім беретін мектептер жаңартылған білім беру мазмұнына көшкелі бері оқытудың мақсаты мен жүйесі де өзгерді. Бұл үдеріс қазақ әдебиеті пәні бағдарламасының да өзгеруіне негіз болды. Нәтижесінде қазақ әдебиеті пәні бойынша оқыту мақсаттарының жүйесі білім алушы бойында құндылықтарды қалыптастырып, дамытуға бағытталып отыр. Сондықтан қазақ әдебиеті пәнін оқыту мәселесін біз аксиологиялық ұстаныммен өзара тығыз байланыста қарастырамыз.

Қазіргі таңда құндылықтар мәселесі полипарадигмалық зерттеулердің нысанына айналды. Соның жарқын үлгісі ретінде мақалада келтірілген аксиологиялық талдауларды атауға болады. Аксиологиялық талдау нысаны ретінде жалпы білім беретін мектептердегі қазақ әдебиеті пәні бағдарламасы бойынша оқытылатын көркем шығармалар алынды.

Көркем шығармадағы жалпыадамзаттық немесе ұлттық құндылықтарды анықтау мәтіндегі детальдармен мұқият жұмыс жасауды талап етеді. Яғни, көркем шығармадағы құндылықтарды анықтау белгілі бір деңгейде мәтін динамикасымен әрі ондағы астарлы оймен тығыз байланысты. Сондықтан қазіргі таңда әрбір білім алушы көркем шығармамен таныса отырып тек құрылымдық тұрғыдағы талдаулармен шектелмейді, керісінше, шығарманың негізгі идеясын анықтауға, ондағы кейіпкерлердің психологиялық портретін жасауға, автордың сөз қолданыстарын тереңінен түсінуге, құндылықтарды айқындай отырып өз тарапынан баға беруге талпынады. Мақалада қазақ әдебиеті пәні бойынша осындай дағдыларды дамыту мәселесіне ерекше басымдық берілген.

**Түйінді сөздер:** білім беру жүйесі, құндылықтар, дағдылар, қазақ әдебиеті, аксиология, аксиологиялық талдау, жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар.

*Мақала «Қазіргі білім беру жүйесі: қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқытудың жаңа әдістемелік үлгілері» атты диссертация аясында жазылды.*

**Г. Смагулова, Б.У. Отеген***

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан.
E-mail: beket.otegen@mail.ru

## ОБУЧЕНИЕ КАЗАХСКОЙ ЛИТЕРАТУРЕ НА ОСНОВЕ ЦЕННОСТЕЙ В ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ШКОЛАХ

**Аннотация.** В статье анализируются особенности современной системы образования, парадигма обучения, основанная на ценностях и навыках. Рассматривается вопрос изучения предмета казахской литературы на основе ценностей. В обновленной образовательной программе будут проанализированы цели обучения по предмету казахская литература и предложены шаги по его реализации. Показана модель аксиологического анализа текстов, контекстов, представленная в виде отрывка из художественного произведения.

С переходом общеобразовательных школ на обновленное содержание образования изменились и цели, и система обучения. Этот процесс стал основой для изменения и программы дисциплины «казахская литература». В результате система целей обучения по предмету казахская литература направлена на формирование и развитие у обучающегося ценностей. Поэтому вопрос преподавания казахской литературы рассматривается нами в тесной взаимосвязи с аксиологическим подходом.

В настоящее время проблема ценностей стала объектом полипарадигмических исследований. Ярким примером этого можно назвать аксиологический анализ, приведенный в статье. В качестве объекта аксиологического анализа были взяты художественные произведения, изучаемые по программе казахской литературы в общеобразовательных школах.

Определение общечеловеческих или национальных ценностей в художественном произведении требует тщательной работы с деталями в тексте. То есть определение ценностей в художественном произведении на определенном уровне тесно связано с динамикой текста и содержательной мыслью в нем. Поэтому в настоящее время каждый обучающийся, знакомясь с художественным произведением, не ограничивается только структурным анализом, а стремится выявить основную идею произведения, составить психологический портрет его героев, глубже понять авторское словоупотребление, определить ценности и дать оценку со своей стороны. В статье особое внимание уделено вопросам развития таких навыков по предмету казахская литература.

**Ключевые слова:** система образования, ценности, навыки, казахская литература, аксиология, аксиологический анализ, общечеловеческие и национальные ценности.

Статья написана в рамках диссертации «Современная система образования: новые методические модели обучения казахскому языку и литературе».

**G. Smagulova, B.U. Otegen***

Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.
E-mail: beket.otegen@mail.ru

**TEACHING KAZAKH LITERATURE BASED ON VALUES IN SECONDARY SCHOOLS**

**Abstract.** The article analyzes the features of the modern education system, the learning paradigm based on values and skills. The issue of studying the subject of Kazakh literature on the basis of values is considered. The updated educational program will analyze the objectives of teaching on the subject of Kazakh literature and propose steps for its implementation. The model of axiological analysis of texts and contexts, presented in the form of an excerpt from a work of fiction, is shown.

With the transition of secondary schools to the updated content of education, both the goals and the system of education have changed. This process became the basis for changing the program of the discipline «Kazakh literature». As a result, the system of learning objectives on the subject of Kazakh literature is aimed at the formation and development of values in the student. Therefore, the issue of teaching Kazakh literature is considered by us in close relationship with the axiological approach.

Currently, the problem of values has become the object of polyparadigmatic research. A striking example of this is the axiological analysis given in the article. As an object of axiological analysis, artistic works studied under the program of Kazakh literature in secondary schools were taken.

The definition of universal or national values in a work of art requires careful work with the details in the text. That is, the definition of values in a work of art at a certain level is closely related to the dynamics of the text and the meaningful thought in it. Therefore, at present, every student, getting acquainted with a work of art, is not limited only to structural analysis, but seeks to identify the main idea of the work, to make a psychological portrait of its characters, to better understand the author's use of words, to determine values and give an assessment from his side. The article pays special attention to the development of such skills on the subject of Kazakh literature.

**Key words:** education system, values, skills, Kazakh literature, axiology, axiological analysis, universal and national values.

The article was written as part of the dissertation «Modern education system: new methodological models of teaching the Kazakh language and literature».

**Кіріспе.** Қазіргі білім беру жүйесінде білім алушылардың бойындағы құндылықтар мен дағдылардың қалыптасуына ерекше мән беріледі. Олай болатын себебі: құндылықтар адам мен адамның, адам

мен қоғамның, қоғам мен қоғамның үйлесімі пен интеграциялануына тікелей әсер етеді, ал, дағдылар әрбір адамның өмірден өз жолын табуына, кәсіби дамуына негіз болады. Әрбір адам, әрбір ұлт, әрбір мемлекет үшін мәдени әлемінің мазмұнын құраушы құндылықтар болмаса, біз хаоста тіршілік етер едік. Ал, дағдылар бізді өз ісіміздің майталман маманы болуға жетелейді. Шәкәрім Құдайбердіұлы: «Сөзіңді түзе – әдетіңе айналады, әдетің – мінезіңе айналады, мінезің – сенің тағдырың» - деп жазады. Терең ой, тағылымды пікір! Бұл мысалды неге келтіріп отырмыз? Біріншіден, ойшыл айтып отырған «әдет» ұғымы өзінің мазмұндық, мағыналық ауқымы жағынан белгілі бір деңгейде «дағды» ұғымымен байланысады. Себебі, дағды да, әдет те үнемі қайталанып отыру сипатына ие. Екіншіден, өмірлік және кәсіби дағдылар адам туралы түсінік, пайым қалыптастырады. Соған қарап, сіздің кім екеніңізді байыптайды. Яғни, біздің құндылықтарымыз бен дағдыларымыз – қоғамдағы орнымыз бен мән-маңызымызды айқындайтын негізгі мәдени өлшемдер.

**Зерттеу материалы мен әдістері.** Зерттеу материалы – қазақ әдебиетіндегі құндылықтар. Жалпы білім беретін мектептер жаңартылған білім беру мазмұнына көшкелі бері оқытудың мақсаты мен жүйесі де өзгерді. Бұл үдеріс қазақ әдебиеті пәні бағдарламасының да өзгеруіне негіз болды. Нәтижесінде қазақ әдебиеті пәні бойынша оқыту мақсаттарының жүйесі білім алушы бойында құндылықтарды қалыптастырып, дамытуға бағытталып отыр. Сондықтан қазақ әдебиеті пәнін оқыту мәселесін біз аксиологиялық ұстаныммен өзара тығыз байланыста қарастырамыз.

Зерттеу жұмысында когнитивті-репрезентативті әдіс, салыстыру, талдау, саралау және жалпылау әдістері, коммуникативті әдіс, когнитивті талдау, сипаттама, құрылымдық-семантикалық талдаумен қатар когнитивті-прагматикалық интерпретация, эксперимент, жүйелеу әдістері қолданылды.

**Талқылау.** Қазақ тілінің сөздігінде «құндылық» ұғымына мынадай түсініктеме берілген: 1. қымбаттылық, бағалылық; 2. маңыздылық, мәнділік [1,423]. Демек, біз объективті шындықтағы ең мәнді игіліктерді құндылық деп танимыз. Ал, олар, сөзсіз, біздің өмірлік мақсат-міндеттеріміз бен мұраттарымыздан, этникалық ерекшеліктерімізден және өзге де факторлардан келіп туындайды.

Аталған пікірімізді профессор К.А. Абишевтің құндылықтар туралы ойы нақтылай түседі. Ғалым: «Құндылықтар дегеніміз адам немесе адами қауымдастық не үшін жер бетінде жүр, не үшін тіршілік етеді, өзінің өмірін неге арнайды, не арқылы өзін адам деп сезінеді, не оның өміріне мағына береді» - деп жазады [2, 11-12].

Ғылымда құндылықтар әлемін зерттеп, зерделейтін аксиология деген сала бар. Аксиология (гр. *axios* – құнды, *logos* – ілім) – құндылықтардың табиғаты, олардың әлеуметтік шындықта аталған орны және құндылық әлемінің құрылымы туралы философиялық ілім. Бүгінде аксиологиялық ізденістер мен зерттеулер саны көбеюде. Оның себебін профессор З.Н. Сарсенбаева былайша анықтап көрсетеді: «Аксиологиялық білім – субъект-объектілік және субъект-субъектілік қатынастардың өнімі: субъект объектіге және басқа субъектілерге құндылық ретінде қарайды» [3, 14].

Философия ғылымында «құндылық» ұғымына қатысты көптеген анықтамалар бар. Солардың бірқатарына тоқталсақ:

А. Капышев: «Құндылықтар адамның әлемге деген қатынасын айқындайды» [4, 79].

Г. Риккерт: «Құндылық – нақты дүние емес, ол «жалпыланған сана», яғни трансценденталды субъект тасымалдаушысы болатын идеал» [5, 23].

М. Шелер: «Құндылықтар өзінің негізі етіп қасиетті тұлғаның құндылығын, яғни махаббат деп аталатын шексіз рухты алады» [6, 341].

Ғалым Ю.Г. Вешнинский құндылықтарды бір жүйеге келтіре отырып, 13 типке бөледі:

Мемлекеттік-саяси, әскери, азаматтық, құқықтық құндылықтар (күш, қауіпсіздік, заңдылық, әділеттілік, т.б.);

Тарихи-мәдени құндылықтар (уақыт байланысын беретін барлық құндылықтар, мәденитарихи естеліктер, салт-дәстүрлер, т.б.);

Қарым-қатынас құндылықтары (қоғам мен ұжымда құндылықтардың таралуы);

Экологиямен байланыстырылатын табиғи құндылықтар (таза ау, таза су, денсаулық, халықтың өмір сүру ұзақтығы, т.б.);

Ғылыми-танымдық құндылықтар ( білім, ғылым, біліктілік, білім беру жүйесі, т.б.);

Жеке адам құндылықтары (адамның өзін қалыптастырудағы жеке құндылықтары);

Діни құндылықтар (Құран, мешіт, иман, шіркеу, символ, т.б.);

Әлеуметтік құндылықтар (халықтық, буржуаздық, интеллигенттік, париялық, т.б.);

Эстетикалық-көркем құндылықтар;

Аумақтық, жергілікті құндылықтар;

Экономикалық құндылықтар (шаруашылық білімдер, заттық орта, байлық т.б.);

Этикалық құндылықтар;

Ұлттық құндылықтар (тіл, фольклор, салт-дәстүр, т.б.) [7, 26].

Біз негізгі зерттеу нысанымызға сәйкес, осы аталған құндылықтардың қазақ әдебиетіндегі берілу сипатын, көріністерін талдаймыз. Бұл білім алушылардың қоғамның әлеуметтік-мәдени жүйесінде, кәсіби қауымдастықта өзіндік ұстанымдары мен қағидалары айқын, жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген бәсекеге қабілетті тұлға болып қалыптасуына тікелей әсер етеді. Қазақ әдебиетін құндылықтарға негіздеп оқыту – білім алушыларды тек фактологиялық ақпараттар негізінде емес, шын мәнінде, аксиологиялық, эстетикалық, гуманистік қағидаларды басшылыққа ала отырып оқыту. Осы тұста айта кететін бір жайт: пәннің атауының өзі «қазақ әдебиеті» деп аталып тұрғандықтан, сөзсіз, пәндік білім мазмұнын құраушы материалдарда халқымыздың ұлттық құндылықтары ерекше мол көрініс тапқан. Олай болуы заңды да. Себебі, ұлттық құндылықтар – біздің елдігімізді айқындап, әлемдік өркениеттегі орнымызды анықтайтын негізгі ерекшеліктер. Бұл ойымызды тарихшы маман Қ. Әдиеттің мына сөзі дәлелдей түседі: «Әрбір халықтың тарихи өмірінде қол жеткізген ең құнды дүниелері – рухани және адами қасиеттері, моральдық нормалары, ұлттық құндылықтары бар. Ұлттық құндылықтар – қандай да бір этникалық қауым өкілдерінің өзіндік тарихи көрінісі бар рухани мұраттарының жиынтығы» [8].

Қазақ әдебиеті пәнінің үлгілік оқу бағдарламасында [9], [10], [11] құндылықтарға қатысты көптеген оқыту мақсаттары берілген. Бұл оқыту мақсаттары аксиологиялық білім беруге және сол арқылы білім алушы бойында өзіндік ұстанымдар мен қағидаларды қалыптастыруға бағытталады. Сөзіміз дәйекті болуы үшін төмендегі кестені ұсынамыз:

| | |
|---|---|
| 5-сынып | **Оқыту мақсаттары:**<br>шығармадағы эпизодтар арқылы тарихи құндылығын бағалау;<br>шығармадағы кейіпкерді өзіндік құндылығы тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу. |
| 6-сынып | **Оқыту мақсаттары:**<br>шығармадағы кейіпкерлерді өзара салыстыра отырып, тарихи және көркемдік құндылығына баға беру;<br>шығармадағы кейіпкерлер қарым-қатынасын отбасылық құндылық тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу. |
| 7-сынып | **Оқыту мақсаттары:**<br>кейіпкерлердің іс-әрекеті мен автор берген портреттік мінездемені салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығына баға беру;<br>шығарманы ұлттық құндылық тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу. |
| 8-сынып | **Оқыту мақсаттары:**<br>шығармадағы материалдық және рухани құндылықтарды заманауи тұрғыда салыстырып, жаңашылдығына баға беру;<br>шығарманың көркемдік-идеялық құндылығын гуманистік тұрғыдан талдап, әдеби эссе жазу. |
| 10-сынып | **Оқыту мақсаттары:**<br>шығармадағы ұлттық құндылықтардың әлемдік тақырыптармен үндестігін ашу;<br>әлем және қазақ әдебиетіндегі құндылықтардың үндесуін талдап, өзіндік ой қорыту шығарманың идеясын жалпыадамзаттық құндылық тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу. |
| 11-сынып | **Оқыту мақсаты:**<br>шығармадағы ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтардың әлемдік тақырыптармен үндестігін ашу. |

Аталған оқыту мақсаттарына жету үшін төменде біз келтіретін мысалдарды пайдаланудың маңызы зор.

Қазақ әдебиетін оқыту үдерісі көркем шығармаларды талдаумен тікелей байланысты. Біз сөз етіп отырған құндылықтар да бағдарлама бойынша берілген көркем шығармалар негізінде қарастырылады. Мұнда біздің басшылыққа алатынымыз – мәтінмен және мәнмәтінмен жұмыс. Себебі, құндылықтарды анықтау, айқындау мәтін динамикасын терең түсіну мен мәнмәтінде берілген көркемдік детальдарға ой көзімен қарап, айрықша назар аударуды талап етеді.

Төменде қазақ әдебиетін құндылықтарға негіздеп оқытудың жүйесі берілген. Бірақ, бұл «аксиологиялық талдаудың толық үлгісі осы» деген сөз емес. Мұны біз бағыт-бағдар, жүйе ретінде ұсынып отырмыз. Мәтінмен, мәнмәтінмен жұмыс барысында білім алушылар көркем шығармадағы жағдаяттарды өзіндік «призмасымен» танып, бағалайды. Сондықтан, аксиологиялық талдау осындай факторлар негізінде өзгеріп, дамып, жетіліп отырады.

Қазақ әдебиетін құндылықтарға негіздеп оқытудың жүйесіне қатысты мысалдар (мысалдар 11-сыныптың оқулығы [12] негізінде беріліп отыр):

**1-мысал:** Осы жиынға қараған бетімен, екі жолдасынан озып кеп бұрын түскен Абайдың атын

біреу алып кете берді. Бала көп ішінен, ең алдымен өзінің шешесін көріп, соған қарай жүре беріп еді, шешесі анадай жерде тұрып:

– Әй, шырағым, балам, әуелі ар жағында әкең тұр… Сәлем бер! – деді. Абай жалт қарап барып, жаңа көрді. Анадай жерде, қонақ үйдің сыртында, қасында екі-үш үлкен кісі бар – әкесі Құнанбай тұр екен. Ыңғайсыздықпен қысылып қалған бала шешесінің сондайлық салқын сабырының мәнін ұқты да, әкесіне қарай тез бұрылды (М.О. Әуезов «Абай жолы» роман-эпопеясы, «Қайтқанда» тарауы).

**2-мысал:** Баласы атқа қонып, жүруге ыңғайланып, тізесін қымтай бергенде Ұлжан өзінің үлкен ақ саусақтарын жирен аттың жалына салды. Бір нәрсе айтатын сияқты. Абай осыны аңғарып, анасының жүзіне қарағанда, Ұлжан бұған біраз көз салып тұрып:

– Балам, үлкендер бірде тату, бірде араз бола беретін. Бөжекенді көрген жерде сәлеміңді түзу бер. Бір кезде жақсы жақының еді. Кім тентек, кім мақұл? Қайдан білдің? Әкең дұшпан десе, сен әділ бол! Жамандыққа кім табылмайды дейсің, жанашырдан айрылма! – деді. Абай жүріп кетті. Артына бірнеше бұрылып қарағанда, аналары үйге кірмей, ұзақ қарап тұр екен. Шешесінің соңғы сөзі Абайдың құлағына әлі естіліп тұрған секілді (М.О. Әуезов «Абай жолы» роман-эпопеясы, «Жолда» тарауы).

**3-мысал:** Ұлжан әл үстінде жатқанда, Майбасар көңілін сұрап отырып, өрескел сөйлепті:

- Қалайсың, бізді тастап еріңнің артынан сапар шеккелі жатырсың-ау! Көпті көрдің ғой, айта кетсеңші, өлген деген қандай болады екен? – депті. сонда Ұлжан сәл езу тартып, ақырын ғана әзіл айтыпты:

- Пәруәйсіз қайным-ау! Көрсем – қартайғанша ой түспеген сені көрдім. Бұрын мен өліп көріппін бе? Өзің өлгенде көресің, несіне ынтықтың! – депті де, тіл-аузын қойыпты.

Өмір бойы ашық ойлы, білгір саналы болған асыл жан өлім сағатында да даналық қайратынан айырылмаған. Барлық ықтиярсыз, теңсіз тірлігіне өзінің адамгершілік таза биігінен қарап өте білген. Өлімнен де жасқанбай, бұқпай кеткен тәрізді. Кең сабырға толы момын жан өмір есігін ақырын ғана жауып жол кешкендей (М.О. Әуезов «Абай жолы» роман-эпопеясы, «Қарашығын» тарауы).

**Аксиологиялық талдау:** Қазақ әдебиетін оқыту үдерісінде, көркем шығарманы талдау барысында осындай фрагменттерге айрықша көңіл бөлу қажет. Бұл, біріншіден, текті ананың ұғымтал ұлына берген тәлімі мен тәрбиесінің тұнығы. Екіншіден, біз қадір тұтатын, қазақ әлемін танытатын құндылықтардың жарқын көрінісі (ата-ананы, үлкенді сыйлау; кекшіл болмай, көпшіл болу; ынтымақ, бірлік т.б.). Үшіншіден, қазақ әйелінің кісілік келбеті. Мәселен, үшінші мысал – қазақ әйелінің ұлттық мінезін, психологиялық портретін танытатын көркемдік деталь. Осы көркемдік деталь арқылы даналық пен ділмарлық, кісілік пен кемелдік, байсалдылық пен байыптылық, сабырлылық пен салмақтылық сынды ұлттық мінезді қалыптастырушы қасиеттер жүйесі қазақ халқының аксиосферасының компоненттері ретінде көрініс тапқан. Әрі атаның ғана баласы болмай, адамның баласы болуға шақырған Абайға: «Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп, Және сүй хақ жолы деп әділетті» - дегізген кемел ойдың кені, бастау бұлағы ана сөзінде, ана тәрбиесінің тереңдігінде жатқанын байқау қиын емес. Жалпы, классик жазушы М. Әуезовтің «Адамшылық негізі – әйел» деп түйін жасауының өзінде де терең мән бар.

**4-мысал:** Ел ішінде Алшынбайды «Алшеке» деп атайды екен. Өзі Қазыбек бидің ұрпағы. Атасы Тіленші де би болған. Осыдан екі жыл бұрын Алшынбайдың Ділдә деген немере қызын Абайға айттырысқаннан кейін Құнанбай екеуінің достығы құдалыққа ұласқан (М.О. Әуезов «Абай жолы» роман-эпопеясы, «Жолда» тарауы).

**5-мысал:** Қарқаралыға келгелі Алшынбай Құнанбайға бірнеше рет келіп, қонақ боп кеткен. Бүкіл бұл атыраптағы атқамінердің Алшынбай атын атауы басқаша көрінген. Оны Алшынбай деуші кісіні Абай әлі есіткен жоқ. Ылғи «Алшекең», осы өңірде аға сұлтан Құнанбай атымен тең аталатын, кейде тіпті жапа-жалғыз аталатын ат – соның аты (М.О. Әуезов «Абай жолы» роман-эпопеясы, «Жолда» тарауы).

**Аксиологиялық талдау:** Сыйластық – адами қарым-қатынастардың басты өлшемі, қазақ әдебиндегі ерекше рухани құндылық. Қазақы болмыс сыйластықты биік қойғандықтан «алдыңа келсе, атаңның құнын кеш», «сыйға – сый, сыраға – бал», «әркім – сыйлағанның құлы» сынды салмақты сөздерді ұрпақтан ұрпаққа өсиет еткен.

Сыйластықтың құндылығын саралай білген сезімтал ұлтымыз үшін ол екі шарттан құралды: бірі – сыйлай білу; екіншісі – сыйлы бола білу. Осы екі шарт негізінде қазақ қоғамындағы түрлі қарым-қатынастарды реттеудің ұлттық механизмі қалыптасты.

Қазақ халқының өміріндегі, тұрмыс-салтындағы сыйластықтың спектрі ауқымды. Ол қарапайым туысқандық қарым-қатынастардан бастап мемлекеттік маңызы бар ресми қарым-қатынастарға дейінгі деңгейлердің бәрін қамтиды.

Сыйластықтың құндылық ретіндегі мәні – әлеуметтік-қоғамдық қатынастарды мәмілегерлік қағидалармен реттеуі. Яғни, халықтың, ұлттың, әрбір адамның ырысты тірлігі үшін ынтымақты сақтау; өзара ниеттестік пен мүдделестік гармониясына әсер ету. Бұл отбасылық, қоғамдық, жалпы кез келген қарым-қатынас жүйесінде әрбір адамға өз шегарасын білуді міндеттеді. Сондықтан, қазақ қоғамында әрбір адам өз сыйын жоғалтпау үшін өзінің орнын, жөнін білді. «Ата тұрып, ұл сөйлегеннен без, ана тұрып, қыз сөйлегеннен без» - соның ең қарапайым да жарқын дәлелі.

Жоғарыда келтірілген мысал қазақы сыйластықтың өзіне тән бояу-бедерін айғақтайды. «Нұреке, Асеке, Құнеке, Алшеке» т.б. атаулар — ұлттық ұғымдағы сыйластықтың интерпретациясы. Лингвистикалық тұрғыдан қарастырар болсақ, зат есімнің реңк мәнін тудырушы - *ЕКЕ қосымшасының* функционалды-семантикалық өрісінде *«құрметтеу», «қадірлеу», «сыйлау», «өзімсіну», «еркелету»* мағыналары бар. Бұл – сыйластықтың ұлттық үлгі-формасы, қазақ менталитетінің өзіндік ерекшелігі.

